

2011 жылы Байзақ ауданының аумағында тұратын 1994 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданының әкімінің 2010 жылғы 06 желтоқсандағы N 33 Шешімі. Жамбыл облысы Байзақ ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 06 қаңтарда 122 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы 17-бабының 3 тармағына сәйкес және «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 Қаулысын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п **ШЕШЕМІН:**

1. «Жамбыл облысы Байзақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ.Мұсабековке (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2011 жылдың қаңтар-наурыз айларында Байзақ ауданының аумағында тұратын 1994 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін т і р к е у ж ү р г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

2. Ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері «Жамбыл облысы Байзақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тіркеуге жататын азаматтарды тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп, шақыру учаскесіне д е р к е з і н д е к е л у і н қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3. «Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Жамбыл облысы Байзақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1994 жылғы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақытылы және ұйымшылдықпен ж і б е р у д і қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4.«Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 44 Қаулысымен белгіленген тәртіппен, азаматтар шақыру учаскелеріне тіркелу кезінде әскери қызметке жарамдылығын анықтау ү ш і н ә с к е р и д ә р і г е р л і к с а р а п т а м а д а н ө т к і з і л с і н .

5. «Жамбыл облыстық Ішкі істер департаментінің Байзақ Аудандық Ішкі істер

бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы С.Демесіновке (келісім бойынша), әскери міндеттерін орындаудан жалтарған азаматтарды іздестіру және ұстау өз құзіреті шегінде жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қадірбек Рысқұлбекұлы Садубаевқа жүктелсін.

7. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен соң күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Құлекеев

Келісілді:

«Жамбыл облысы Байзақ ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Қ . М ұ с а б е к о в
06.12.2010 ж.

«Жамбыл облыстық Ішкі істер департаментінің Байзақ
Аудандық Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
С . Д е м е с і н о в
06.12.2010 ж.